2) несоблюдение мною указанных антикоррупционных ограничений является основанием для увольнения (освобождения от занимаемой должности, прекращения полномочий) в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

3) члены моей семьи не вправе получать материальное вознаграждение, подарки, льготы или услуги, предоставляемые за мои действия (бездействие) в пользу лиц, их предоставивших, или представляемых ими лиц;

4) деньги, поступившие на мой счет и (или) счета членов моей семьи без нашего ведома, а также средства, полученные с нарушением указанных ограничений, подлежат перечислению в республиканский бюджет не более чем в двухнедельный срок после их обнаружения с представлением объяснения в соответствующий орган государственных доходов.

Обязуюсь незамедлительно письменно уведомлять ГП № 36 о возникновении обстоятельств, влекущих нарушение принятых мною антикоррупционных ограничений.

«____» _____ 20____ года _____

(подпись)

Согласие принято и зарегистрировано:
Отдел развития кадровых ресурсов ГП № 36

_____

(должность, фамилия и инициалы, подпись)

«____» _____ 20____ года

** Заполненное и подписанное согласие хранится в личном деле работника.*

Приложение 2
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

ОБЯЗАТЕЛЬСТВО
о соблюдении Антикоррупционной политики

Я, _____,
(фамилия, имя, отчество (при его наличии))
занимающий(ая) должность _____ *(наименование должности, структурного подразделения)* подтверждаю и обязуюсь:

1) я ознакомлен(а) с Антикоррупционной политикой коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника № 36» Управления общественного здравоохранения города Алматы (далее - Политика), ее содержание мне разъяснено и понятно;

2) я обязуюсь добросовестно и неукоснительно соблюдать антикоррупционное законодательство Республики Казахстан, требования Политики и иных внутренних документов ГП № 36 в сфере противодействия коррупции;

3) я обязуюсь воздерживаться от совершения и участия в совершении коррупционных правонарушений, а также от поведения, которое может быть истолковано окружающими как готовность совершить или участвовать в совершении коррупционного правонарушения в интересах или от имени ГП № 36;

4) я обязуюсь незамедлительно сообщать непосредственному руководителю и (или) в антикоррупционную комплаенс-службу ГП № 36 о возникшем либо возможном конфликте интересов, а также о ставших мне известными фактах готовящихся, совершаемых или совершенных коррупционных правонарушений;

5) я обязуюсь уведомлять антикоррупционную комплаенс-службу ГП № 36 о случаях склонения меня к совершению коррупционного правонарушения;

6) я обязуюсь проходить обучение по вопросам противодействия коррупции и содействовать антикоррупционной комплаенс-службе ГП № 36 при проведении внутреннего анализа коррупционных рисков и служебных расследований;

7) я уведомлен(а) о том, что в случае нарушения мною антикоррупционного законодательства Республики Казахстан и Политики я могу быть привлечен(а) к ответственности, установленной законодательством Республики Казахстан, в том числе к дисциплинарной ответственности вплоть до расторжения трудового договора.

«____» _____ 20____ года _____
(подпись)

** Заполненное и подписанное обязательство хранится в личном деле работника.*

Приложение 3
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

КАРТА КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ

№	Бизнес-процесс	Описание коррупционного риска	Меры минимизации
1	Запись на прием, направление на консультации и исследования	Внеочередной прием, ускорение записи, направление на исследования за неформальное вознаграждение; искусственное создание очередей	Электронная запись; публикация сроков ожидания; контроль отклонений от очередности; анализ обращений пациентов; видеонаблюдение в зонах приема
2	Выдача листов о временной нетрудоспособности, справок и медицинских заключений	Выдача документов без законных оснований, за вознаграждение либо в интересах связанных лиц	Врачебная комиссия; выборочный контроль обоснованности выдачи; учет выданных документов в информационной системе; внутренняя экспертиза
3	Оказание платных медицинских услуг	Склонение пациентов к получению платных услуг при наличии права на бесплатное получение; прием оплаты вне кассы	Публикация перечня и стоимости услуг; прием оплаты исключительно через кассу и безналичным способом; сверка объемов; опросы пациентов
4	Прикрепление и откреплление населения	Необоснованный отказ либо предоставление преимуществ за вознаграждение	Соблюдение установленного порядка; учет заявлений; контроль сроков; рассмотрение жалоб

№	Бизнес-процесс	Описание коррупционного риска	Меры минимизации
5	Государственные закупки	Формирование технической спецификации под конкретного поставщика; конфликт интересов и аффилированность; дробление закупок; необоснованный выбор способа закупки	Коллегиальное формирование спецификаций; декларирование конфликта интересов членами комиссии; проверка благонадежности контрагентов; антикоррупционная оговорка в договорах; выборочный контроль Службы
6	Приемка товаров, работ и услуг	Приемка непоставленных либо некачественных товаров, работ и услуг; завышение объемов	Комиссионная приемка; разделение функций заказа, приемки и оплаты; фотофиксация; внезапные инвентаризации
7	Управление лекарственными средствами и медицинскими изделиями	Хищение и нецелевое использование; списание без оснований; продвижение препаратов в личных интересах	Предметно-количественный учет; ограничение доступа к местам хранения; регулярные инвентаризации; запрет на участие в рекламе и продвижении
8	Управление персоналом	Прием на работу и продвижение за вознаграждение; трудоустройство близких родственников в подчинение; необъективная оценка деятельности	Прозрачные процедуры отбора; проверка ограничений и конфликта интересов; уведомление о родственниках; коллегиальность решений Совета по кадрам

№	Бизнес-процесс	Описание коррупционного риска	Меры минимизации
9	Оплата труда и стимулирующие выплаты	Необъективное распределение стимулирующих выплат; выплаты связанным лицам	Заранее установленные критерии; коллегиальное распределение; самоотвод при личной заинтересованности; раскрытие сводных данных
10	Управление имуществом и имущественный наем	Передача имущества в наем на нерыночных условиях; использование имущества в личных целях; необоснованное списание	Оценка; конкурсные процедуры; учет и контроль использования; комиссионное списание; внутренний аудит
11	Спонсорская и благотворительная помощь	Принятие помощи на условиях встречного предоставления; непрозрачное распределение	Решение Наблюдательного совета; документальное оформление; запрет на принятие от участников закупок; раскрытие информации
12	Взаимодействие с производителями лекарственных средств и медицинских изделий	Получение вознаграждения за назначение препаратов; направление пациентов в аптечные организации в личных интересах	Запреты, установленные Кодексом чести медицинских и фармацевтических работников; уведомление о мероприятиях; анализ структуры назначений
13	Рассмотрение обращений и жалоб пациентов	Сокрытие обращений, содержащих сведения о коррупции; формальное рассмотрение	Централизованная регистрация; передача в Службу; контроль сроков; выборочная проверка результатов рассмотрения

№	Бизнес-процесс	Описание коррупционного риска	Меры минимизации
14	Ведение медицинской документации и информационных систем	Внесение недостоверных сведений; несанкционированный доступ к данным; использование данных в личных целях	Разграничение прав доступа; журналирование действий; выборочный аудит записей; ответственность за нарушение режима данных

Настоящая карта не является исчерпывающей и подлежит актуализации по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков и антикоррупционного мониторинга.

Приложение 4
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

МАТРИЦА
распределения ответственности за реализацию антикоррупционных мер

Мера противодействия коррупции	Ответственный	Периодичность и форма результата
Утверждение Политики, антикоррупционного стандарта и Плана мероприятий	Наблюдательный совет ГП № 36	По мере необходимости; решение (протокол)
Введение Политики в действие и организация ее исполнения	Директор ГП № 36	По мере необходимости; приказ
Разработка и актуализация внутренних антикоррупционных документов	Антикоррупционная комплаенс-служба	Не реже одного раза в три года и при изменении законодательства; проекты документов
Антикоррупционный мониторинг	Антикоррупционная комплаенс-служба	Постоянно; обобщение не реже одного раза в полугодие
Внутренний анализ коррупционных рисков	Антикоррупционная комплаенс-служба, рабочая группа	Не реже одного раза в год; аналитическая справка и план мероприятий
Мониторинг соблюдения антикоррупционных ограничений	Антикоррупционная комплаенс-служба	Постоянно; справка по итогам года
Прием и рассмотрение уведомлений о конфликте интересов	Антикоррупционная комплаенс-служба	По мере поступления; заключение

Мера противодействия коррупции	Ответственный	Периодичность и форма результата
Оформление согласий и обязательств, проверка ограничений при приеме на работу	Отдел развития кадровых ресурсов, антикоррупционная комплаенс-служба	При приеме на работу и переводе; документы в личном деле
Проверка благонадежности контрагентов	Антикоррупционная комплаенс-служба, подразделение-инициатор	До заключения договора; заключение
Соблюдение процедур закупок и включение антикоррупционной оговорки	Подразделение, ответственное за закупки, юридическая служба	При каждой закупке; документация и договоры
Учет подарков и знаков делового гостеприимства	Антикоррупционная комплаенс-служба	По мере поступления; журнал
Обучение и разъяснительная работа	Антикоррупционная комплаенс-служба, Отдел развития кадровых ресурсов	Не реже одного раза в год; программа, ведомости, результаты тестирования
Функционирование каналов сообщения о коррупционных правонарушениях	Антикоррупционная комплаенс-служба	Постоянно; журнал регистрации
Передача обращений пациентов с признаками коррупции	Служба поддержки пациента и внутренней экспертизы	Незамедлительно; передача в Службу
Служебные расследования	Антикоррупционная комплаенс-служба	По мере поступления сообщений; заключение
Применение дисциплинарных взысканий	Директор ГП № 36	В сроки, установленные Трудовым кодексом; приказ
Финансовый контроль и оценка системы внутреннего контроля	Служба внутреннего аудита, бухгалтерия	В соответствии с планом; отчет

Мера противодействия коррупции	Ответственный	Периодичность и форма результата
Отчетность в уполномоченный орган по антикоррупционной политике	Антикоррупционная комплаенс-служба	Ежеквартально; информация
Отчет об эффективности антикоррупционных мер	Антикоррупционная комплаенс-служба	Не реже одного раза в год; отчет Наблюдательному совету
Соблюдение Политики в повседневной деятельности	Руководители структурных подразделений, работники	Постоянно

Приложение 5
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

ЖУРНАЛ
регистрации подарков и знаков делового гостеприимства

Начат: «____» _____ 20____ года
Окончен: «____» _____ 20____ года

№	Дата регистрации	Фамилия, инициалы и должность работника	Даритель (наименование, представитель)	Описание и обстоятельства получения	Оценочная стоимость	Принятое решение

Журнал ведется антикоррупционной комплаенс-службой ГП № 36. Допускается ведение журнала в электронной форме. Листы бумажного журнала прошиваются, нумеруются и заверяются печатью ГП № 36.

Приложение 6
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

УВЕДОМЛЕНИЕ
о склонении к совершению коррупционного правонарушения

Руководителю антикоррупционной
комплаенс-службы КГП на ПХВ
«Городская поликлиника № 36»
УОЗ г. Алматы

от _____,
(фамилия, имя, отчество (при его наличии), должность, структурное подразделение)

Сообщаю о факте склонения меня к совершению коррупционного правонарушения.

Дата, время и место совершения обращения ко мне:
_____
_
_____
_

Сведения о лице (лицах), склонявшем к совершению коррупционного правонарушения:
_____
_
_____
_

Существо предложения, обстоятельства и способ склонения:
_____
_
_____
_
_____
_

Сведения о лицах, располагающих информацией об указанных обстоятельствах:
_____
_

Принятые мною меры:

_____
_

Прилагаемые материалы:

_____
_

Подтверждаю достоверность изложенных сведений. Об ответственности за сообщение заведомо ложной информации о факте коррупционного правонарушения предупрежден(а).

Намерен(а) заключить соглашение о неразглашении информации об оказании содействия в противодействии коррупции: да / нет (нужное подчеркнуть).

«____» _____ 20____ года _____

(подпись)

Регистрационный номер _____ от «____» _____ 20____ года

Приложение 7
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ОГОВОРКА
для включения в договоры

1. При исполнении своих обязательств по настоящему договору Стороны, их работники и посредники не выплачивают, не предлагают выплатить и не разрешают выплату каких-либо денежных средств или ценностей прямо или косвенно любым лицам для оказания влияния на действия или решения этих лиц с целью получить какие-либо неправомерные преимущества.

2. При исполнении своих обязательств по настоящему договору Стороны, их работники и посредники не осуществляют действия, квалифицируемые законодательством Республики Казахстан как дача или получение взятки, посредничество во взяточничестве, коммерческий подкуп, а также действия, нарушающие требования законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции.

3. Каждая из Сторон отказывается от стимулирования каким-либо образом работников другой Стороны, в том числе путем предоставления денежных сумм, подарков, безвозмездного выполнения в их адрес работ (услуг) и иными способами, ставящими работника в определенную зависимость и направленными на обеспечение выполнения этим работником каких-либо действий в пользу стимулирующей его Стороны.

4. Стороны подтверждают отсутствие конфликта интересов между их работниками, участвующими в заключении и исполнении настоящего договора, и обязуются письменно уведомить другую Сторону о возникновении такого конфликта интересов в течение трех рабочих дней со дня, когда им стало об этом известно.

5. В случае возникновения у Стороны подозрений, что произошло или может произойти нарушение положений настоящей оговорки, соответствующая Сторона обязуется письменно уведомить другую Сторону. В письменном уведомлении Сторона обязана сослаться на факты или предоставить материалы, достоверно подтверждающие или дающие основание предполагать, что произошло или может произойти нарушение.

6. Сторона, получившая уведомление, обязана рассмотреть его и направить письменный ответ в течение десяти рабочих дней со дня получения уведомления. Стороны гарантируют конфиденциальность сведений, содержащихся в уведомлении и ответе на него, а также отсутствие негативных последствий как для уведомившей Стороны в целом, так и для конкретных работников, сообщивших о нарушении.

7. В случае подтверждения факта нарушения одной Стороной положений настоящей оговорки другая Сторона вправе отказаться от исполнения настоящего договора в одностороннем внесудебном порядке путем направления письменного уведомления о расторжении. Сторона, по инициативе которой был

расторгнут договор, вправе требовать возмещения реального ущерба, возникшего в результате такого расторжения.

8. Стороны подтверждают, что ознакомлены с антикоррупционными политиками друг друга, размещенными на их официальных интернет-ресурсах, и обязуются соблюдать их принципы и требования при исполнении настоящего договора.

Приложение 8
к Антикоррупционной политике
КГП на ПХВ «Городская поликлиника № 36» УОЗ г. Алматы

ФОРМА
плана мероприятий по противодействию коррупции
на 20____ год

№	Наименование мероприятия	Форма завершения	Ответственный исполнитель	Срок исполнения
1	Проведение внутреннего анализа коррупционных рисков	Аналитическая справка, план мероприятий	Антикоррупционная комплаенс-служба	
2	Актуализация Антикоррупционной политики и антикоррупционного стандарта	Проекты документов	Антикоррупционная комплаенс-служба	
3	Обучение работников по вопросам противодействия коррупции и тестирование	Программа, ведомости, результаты тестирования	Антикоррупционная комплаенс-служба, Отдел развития кадровых ресурсов	
4	Мониторинг соблюдения антикоррупционных ограничений	Справка	Антикоррупционная комплаенс-служба	
5	Проверка благонадежности контрагентов	Заключения	Антикоррупционная комплаенс-служба	
6	Анкетирование работников и опрос пациентов по вопросам восприятия уровня коррупции	Аналитическая справка	Антикоррупционная комплаенс-служба	

№	Наименование мероприятия	Форма завершения	Ответственный исполнитель	Срок исполнения
7	Размещение информации об антикоррупционных мерах на интернет-ресурсе	Публикация	Антикоррупционная комплаенс-служба	
8	Отчет об эффективности антикоррупционных мер	Отчет Наблюдательному совету	Антикоррупционная комплаенс-служба	

План мероприятий разрабатывается антикоррупционной комплаенс-службой ГП № 36 и утверждается Наблюдательным советом ГП № 36 не позднее 31 декабря года, предшествующего планируемому.

БЕКІТІЛГЕН
Алматы қаласы ҚДСБ
«№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Байқау кеңесінің шешімімен
2026 жылғы «18» 09 № 1 хаттама

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ

Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК

Алматы қ., 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Қолданылу саласы
3. Терминдер мен анықтамалар
4. Саясаттың нормативтік құқықтық негізі
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары және оларды орындау жөніндегі міндеттемелер
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг
12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау
13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар
14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оқыту
15. Персоналды басқару
16. Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу
17. Сыйлықтар, іскерлік қонақжайлылық белгілері және өкілдік шығыстар
18. Сатып алу және контрагенттермен өзара іс-қимыл
19. Демеушілік және қайырымдылық көмек. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндірушілермен өзара іс-қимыл
20. Қаржылық бақылау және мүлікпен жұмыс
21. Медициналық қызметтер көрсету және пациенттермен өзара іс-қимыл
22. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау және өтініш берушілерді қорғау
23. Қызметтік тергеп-тексерулер
24. Мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл
25. Жауаптылық
26. Тиімділікті бағалау және есептілік
27. Өтпелі ережелер
28. Қорытынды ережелер

ҚОСЫМШАЛАР ТІЗБЕСІ

1-қосымша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім
2-қосымша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау туралы міндеттеме
3-қосымша – Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы
4-қосымша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру жауапкершілігін бөлу матрицасы
5-қосымша – Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерін тіркеу журналы
6-қосымша – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру туралы хабарлама

7-қосымша – Шарттарға енгізуге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе
8-қосымша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны

1.1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 36 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 36 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – № 36 ҚЕ) Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басты ішкі құжаты болып табылады және № 36 ҚЕ қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі мақсатты, міндеттерді, қағидаттарды, талаптарды және шаралар кешенін айқындайды.

1.3. Саясат мыналарды белгілейді:

1) № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаты мен міндеттерін;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;

3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және № 36 ҚЕ мен оның қызметкерлерінің оларды орындау жөніндегі міндеттемелерін;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды, мүдделер қақтығысының алдын алуды және оны реттеуді;

6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау кепілдіктерін;

7) Саясатты сақтамағаны үшін жауаптылықты және оның тиімділігін бағалау тәртібін.

1.4. № 36 ҚЕ квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады. № 36 ҚЕ-де басқару функцияларын атқаратын адамдар мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдарға жатады және оларға Заңның талаптары қолданылады.

1.5. № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысаны мен көрінісіне нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады және өз атынан, өз мүддесінде не үшінші тұлғалардың мүддесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермейді.

1.6. Саясат № 36 ҚЕ-нің жария құжаты болып табылады, № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлерге қол қойғызылып таныстырылады.

1.7. Саясат № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесімен, № 36 ҚЕ-нің Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережесімен, № 36 ҚЕ-нің Корпоративтік әдеп кодексімен, № 36 ҚЕ-нің Әдеп және деонтология кодексімен, № 36 ҚЕ-де Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексін сақтау тәртібі туралы ережемен және № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатымен жиынтықта қолданылады. Ішкі құжаттар арасында алшақтық болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

1.8. № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін ішкі құжаттары осы Саясатқа қайшы келмеуге тиіс.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Саясат № 36 ҚЕ-нің барлық лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің атқаратын лауазымына және орындайтын функцияларының сипатына қарамастан танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті.

2.2. Саясаттың талаптары мыналарға қолданылады:

1) № 36 ҚЕ Директорына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және басқару функцияларын атқаратын өзге де қызметкерлерге;

2) № 36 ҚЕ-мен еңбек қатынастарында тұрған № 36 ҚЕ-нің барлық өзге қызметкерлеріне;

3) № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің мүшелеріне – Қазақстан Республикасының заңнамасында және № 36 ҚЕ Жарғысында белгіленген бөлігінде;

4) № 36 ҚЕ азаматтық-құқықтық шарттар бойынша тартатын адамдарға, № 36 ҚЕ базасында оқудан және практикадан өтетін адамдарға – шартта немесе осы Саясатта белгіленген бөлігінде.

2.3. № 36 ҚЕ Саясаттың қағидаттары мен талаптарын контрагенттердің, әріптестердің және өзге де үшінші тұлғалардың назарына жеткізеді және олардың сақталуын күтеді.

2.4. № 36 ҚЕ-нің құрылымдық бөлімшелері өз қызметін осы Саясаттың талаптарын ескере отырып ұйымдастырады.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – Заң және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілері;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы қалыптастырылатын, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесі (Заңның 9-бабы);

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген, сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер (Заңның 1-бабының 9) тармақшасы);

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі (Заңның 10-бабының 1-тармағы);

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – № 36 ҚЕ-нің және оның барлық қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі (Заңның 7-бабының 1-тармағы);

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (сыртқы және ішкі) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу (Заңның 8-бабының 1-тармағы);

8) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, ата, әже, немерелер (Заңның 14-бабына ескертпе);

9) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін (Заңның 1-бабының 5) тармақшасы);

10) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамдарының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соларға байланысты мүмкіндіктерді өздері үшін не үшінші тұлғалар үшін жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы оларды сатып алу (Заңның 1-бабының 6) тармақшасы);

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) (Заңның 1-бабының 11) тармақшасы);

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі (Заңның 1-бабының 12) тармақшасы);

13) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар – оның ішінде мемлекеттік ұйымда немесе

квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын атқаратын адамдар, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті, дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адамдар (Заңның 1-бабының 4) тармақшасы);

14) жеке мүдделілік – қызметкердің еңбек міндеттерін тиісінше, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін материалдық немесе өзге де мүдделілігі;

15) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, превентивтік шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі (Заңның 1-бабының 13) тармақшасы);

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі (Заңның 1-бабының 10) тармақшасы);

17) жекжаттар – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары (Заңның 14-бабына ескертпе);

18) Қызмет – № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесі негізінде әрекет ететін № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі;

19) квазимемлекеттік сектор субъектілері – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес квазимемлекеттік секторға жатқызылатын субъектілер. № 36 ҚЕ шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын ретінде квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылады;

20) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту және жою мәселелеріндегі үйлестіруді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері (Заңның 1-бабының 8) тармақшасы);

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті орган – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары (Заңның 1-бабының 6-2) тармақшасы);

22) қызметкер – № 36 ҚЕ-мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

23) контрагент – № 36 ҚЕ онымен шарттық қатынастарда тұрған не шарттық қатынастарда болуға ниеттенген жеке немесе заңды тұлға.

3.2. Осы Саясатта пайдаланылған, бірақ ашылмаған терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, № 36 ҚЕ Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында белгіленген мағыналарда қолданылады.

3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде көрсетілген терминдер осы Саясатқа өзгерістер енгізілмей, жаңа редакцияда қолданылады.

4. САЯСАТТЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

4.1. Саясат Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілерінің талаптары ескеріле отырып әзірленді:

1) 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі;

3) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

4) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;

5) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі;

6) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;

7) Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Бюджет кодексі;

8) Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII Цифрлық кодексі;

9) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі;

10) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

11) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, оның ішінде 149 және 150-3-баптары;

12) Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;

13) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы;

14) Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы;

15) «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

16) «Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

17) Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан

Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығы;

18) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32211 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығының редакциясындағы Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже);

19) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 6 тамыздағы № 138 бұйрығымен енгізілген, 2026 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулары бар Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

20) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 307 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33485 болып тіркелген) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу қағидалары;

21) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19941 болып тіркелген) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидалары;

22) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-319/2020 «Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексін бекіту туралы» бұйрығы;

23) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 «Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

24) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 5 қарашадағы № ҚР ДСМ-111 «Медициналық ұйымдарды аккредиттеу стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы.

4.2. Осы Саясатты әзірлеу кезінде нормативтік құқықтық актілер болып табылмайтын, ұсынымдық сипаттағы құжаттар ескерілді:

1) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

4.3. Саясат № 36 ҚЕ-нің мынадай ішкі құжаттары ескеріле отырып әзірленді:

1) № 36 ҚЕ Жарғысы;

2) № 36 ҚЕ-нің 2024-2027 жылдарға арналған Ұжымдық шарты;

3) № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесі;

4) № 36 ҚЕ-нің Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережесі;

5) № 36 ҚЕ-нің Корпоративтік әдеп кодексі;

6) № 36 ҚЕ-нің Әдеп және деонтология кодексі;

7) № 36 ҚЕ-де Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексін сақтау тәртібі туралы ереже;

8) № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясаты;

9) № 36 ҚЕ-нің Кадрлар жөніндегі кеңес туралы ережесі;

10) Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және оларды көтермелеу жүйесі туралы ереже (№ 36 ҚЕ-нің 2024-2027 жылдарға арналған Ұжымдық шартына № 4 қосымша).

4.4. Көрсетілген нормативтік құқықтық актілер өзгерген кезде Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және осы Саясаттың 28-бөлімінде белгіленген тәртіппен сәйкестікке келтірілуге жатады.

4.5. Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа тұжырымдамасын бекіткен жағдайда Қызмет үш ай ішінде № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің бекітуіне осы Саясатқа тиісті өзгерістерді енгізеді.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТТЕР

5.1. № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің атқаратын лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлық қызметке тартылу тәуекелін барынша азайту, сондай-ақ № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, медициналық көмектің ашық және адал көрсетілуін қамтамасыз ету, № 36 ҚЕ-нің іскерлік беделін нығайту және пациенттердің сенімін арттыру болып табылады.

5.2. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешіледі:

1) № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;

2) № 36 ҚЕ-ге, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қолданылатын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) № 36 ҚЕ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және барынша азайту;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу, оны анықтау және реттеу;

6) шешімдер қабылдау, сатып алу, кадрлық шешімдер және ынталандырушы төлемдерді бөлу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаудың қолжетімді арналарын құру және қолдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғауды қамтамасыз ету;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтың бұлтартпастығын қамтамасыз ету және олардың салдарын жою;

9) қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастыру және қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалау.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

6.1. № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Заңның 4-бабында белгіленген қағидаттар, сондай-ақ мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік – № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысаны мен көрінісін толық қабылдамау қағидатын ұстанады. № 36 ҚЕ атынан немесе оның мүддесінде қызметті жүргізу практикасына қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе делдалдар арқылы қатысуға тыйым салынады;

2) жоғары басшылықтың берілгендігі және «жоғарыдан берілетін үлгі» – № 36 ҚЕ-нің Байқау кеңесі мен Директоры сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, барлық деңгейде сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысанына мүлдем төзбейтінін мәлімдейді және осы қағидаттың сақталуын жеке үлгісімен көрсетеді;

3) қызметкерлердің тартылуы – № 36 ҚЕ өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

4) жауаптылықтың бұлтартпастығы – № 36 ҚЕ қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, олардың атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан жауаптылықтың бұлтартпастығын мәлімдейді;

5) заңдылық – № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес жүзеге асырылады; осы Саясат Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы және еңбек заңнамасына қайшы келмеуге тиіс;

6) рәсімдердің мөлшерлестігі – бақылау рәсімдері № 36 ҚЕ қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мөлшерлес әзірленеді және енгізіледі әрі қызметкерлер мен пациенттер үшін артық ауыртпалық туғызбайды;

7) рәсімдердің тиімділігі – рәсімдер барынша ашық, түсінікті, орындалатын болуға және іске асырудың қарапайымдылығы мен елеулі нәтиже алуды қамтамасыз етуге тиіс; олардың тиімділігі тұрақты бағалануға жатады;

8) тиісті сақтық – № 36 ҚЕ контрагенттер мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамауы және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

9) мониторинг және бақылау – № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады, енгізілген рәсімдердің сақталуын бақылайды және олардың тиімділігін бағалайды;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тәуелсіздігі – Қызмет өз өкілеттіктерін № 36 ҚЕ-нің атқарушы органы мен лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады және № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне есеп береді;

11) өтініш берушіні қорғау – № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе мүдделер қақтығысы туралы адал ниетпен хабарлаған адамдарды қудалауға, олардың еңбек жағдайларын нашарлатуға және оларға қатысты өзге де қолайсыз шараларды қолдануға жол бермейді;

12) өзара іс-қимыл және үйлестіру – № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде әрекеттерді үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6.2. Осы бөлімде белгіленген қағидаттарды іске асыру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде кепілдік берілген қызметкерлердің құқықтарын шектеуге негіз бола алмайды.

7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

7.1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 29) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер сыбайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады, оның ішінде:

1) адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алуы немесе ысырап етуі;

2) адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған алаяқтығы;

3) адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған, қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыруы (жылыстатуы);

4) адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған, заңсыз иеленген активтерді мемлекет кірісіне айналдырудан жасыруы, сондай-ақ оларды заңдастыруы (жылыстатуы);

5) адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған экономикалық контрабандасы;

6) адамның өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған рейдерлігі;

7) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану;

8) билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

9) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

10) заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау;

11) пара алу;

12) пара беру;

13) парақорлыққа делдал болу;

14) қызметтік жалғандық жасау;

15) қызметтегі әрекетсіздік.

7.2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, судья лауазымдарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 50-бабының екінші бөлігі).

7.3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 34-тарауында көзделген іс-әрекеттер сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылады. № 36 ҚЕ-нің, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің қызметіне тікелей мыналар жатады:

1) жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер беруі (676-бап);

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамға теңестірілген адамның жеке өзі немесе делдал арқылы оларды берген адамдардың немесе олар білдіретін адамдардың пайдасына жасалған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер алуы (677-бап);

3) заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (678-бап);

4) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, сол сияқты олардың одан әрі жұмыс істеуіне жол беру (681-бап).

7.4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 679 және 680-баптары тиісінше мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және мемлекеттік органдар басшыларының жауаптылығын белгілейді және № 36 ҚЕ-ге қолданылмайды.

7.5. № 36 ҚЕ, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті.

7.6. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы:

1) пара беруді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы не артықшылықты беруге немесе беруге уәде етуге;

2) пара талап етуге, алуға келісуге немесе алуға, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы не артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;

3) парақорлыққа делдал болуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе жеңілдету үшін мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төлемдер ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, сыйлықтар тарту етуге;

5) мұндай төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе жеңілдету үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдер жүзеге асыруға;

6) жеке пайда алуға айырбас ретінде № 36 ҚЕ-ге, оның ішінде уақытша негізде жұмысқа орналасуды, практикадан немесе оқудан өтуді ұсынуға, уәде етуге немесе беруге;

7) контрагенттерден және үшінші тұлғалардан асыра көрсетілген не жалған төлемдерді қабылдауға ықпал етуге немесе оларды қабылдауға;

8) пациенттерден, олардың заңды өкілдерінен және алып жүрген адамдардан медициналық көмек көрсеткені, оны жеделдеткені, кезектен тыс қабылдағаны, медициналық құжаттар бергені не қызметтік міндеттерге кіретін өзге де әрекеттер үшін ақша, мүлік, қызметтер немесе өзге де игіліктер талап етуге, қабылдауға немесе алуға;

9) қызметтік жағдайды, құпия және инсайдерлік ақпаратты, № 36 ҚЕ-нің материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдалануға;

10) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіруге және мұндай әрекеттерді көтермелеуге;

11) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға;

12) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және № 36 ҚЕ ішкі құжаттарының талаптарын бұзатын өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7.7. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары өзінің кәсіптік қызметінде:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтауға;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болуға, лауазымдық міндеттерді орындаудың кез келген арамза тәсілдерінен тартынуға;

3) № 36 ҚЕ-нің беделін түсіруі мүмкін әрекеттер жасауға жол бермеуге;

4) құқыққа қайшы әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне күмән туғызуы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге;

5) жоғары құқықтық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдауға және оның сақталуын әріптестерінен талап етуге;

6) кәсіпкерлік немесе кіріс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге жәрдем көрсетуден тартынуға;

7) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

7.8. № 36 ҚЕ-нің қызметкерлері:

1) № 36 ҚЕ-нің мүддесінде немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оларды жасауға қатысудан тартынуға;

2) айналасындағылар № 36 ҚЕ-нің мүддесінде немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оны жасауға қатысуға дайындық ретінде түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан тартынуға;

3) мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындаған мүдделер қақтығысы туралы тікелей басшыға және (немесе) Қызметке дереу хабарлауға;

4) өзіне белгілі болған, дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактілері туралы осы Саясаттың 22-бөлімінде белгіленген тәртіппен дереу хабарлауға;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру жағдайлары туралы осы Саясатқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлауға;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өтуге;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу кезінде Қызметке жәрдемдесуге міндетті.

7.9. Өз әрекеттерінің заңдылығына не мінез-құлықтың өзге де нормаларына қатысты күмән туындаған кезде № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлері түсіндіру алу үшін Қызметке жүгінуге құқылы. Түсіндіру алу үшін Қызметке жүгіну қызметкерге қандай да бір қолайсыз шараларды қолдануға негіз бола алмайды.

8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

8.1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өздеріне қабылдайды:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстардың, жұбайлардың және жекжаттардың бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;

3) ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында пайдалану;

4) егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе бұл адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) жәрдемдесе алатын болса, оларды берген адамдардың немесе олар білдіретін адамдардың пайдасына жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және оларды иелену, Қазақстан

Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтау;

6) ойын бизнесі мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты осы үшін бөлінбеген орындарда құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу.

8.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімді № 36 ҚЕ-нің Кадр ресурстарын дамыту бөлімі жұмысқа қабылдау кезінде не еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша нысанда тіркейді. Қол қойылған келісім қызметкердің жеке ісінде сақталады.

8.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау лауазымға қабылдаудан бас тартуға әкеп соғады. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау қызметкерді Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64, 65 және 66-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде тәртіптік жауаптылыққа, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабымен тәртіптік жазаларға жатқызылған негіздері бойынша еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға дейін тартуға негіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған № 36 ҚЕ қызметкерімен еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасы бойынша бұзылуға жатады.

8.4. Осы Саясаттың 8.1-тармағында көрсетілген адамдардың отбасы мүшелері осы адамдардың оларды берген адамдардың немесе олар білдіретін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді немесе қызметтерді алуға құқылы емес.

8.5. Осы Саясаттың 8.1-тармағында көрсетілген адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің шотына олардың келісімінсіз түскен ақша, сондай-ақ олар осы Саясаттың 8.1-тармағының 4) тармақшасын және 8.4-тармағын бұза отырып алған қаражат табылғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде мұндай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы тиісті мемлекеттік кірістер органына түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

8.6. Мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет Заңның 13-бабында белгіленген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар:

1) егер тиісті қызмет лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтірсе;

2) егер тиісті қызмет қызметтік мүлікті пайдалануға әкеп соқса;

3) мүдделер қақтығысы болған кезде коммерциялық ұйымды басқаруға дербес қатысуға, кәсіпкерлік және басқа да ақылы қызметпен айналысуға құқылы емес.

8.7. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және

(немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) және (немесе) жекжаттарын тікелей бағыныста ұстай алмайды.

8.8. № 36 ҚЕ-дегі мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымға кандидат болып табылатын адамдар № 36 ҚЕ-де жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары туралы № 36 ҚЕ басшылығын жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

8.9. Осы Саясаттың 8.7-тармағының талаптарын бұзатын адамдар, егер олар аталған бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, мұндай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған кезде осы қызметкерлердің бірі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен лауазымнан босатылуға жатады.

8.10. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдарға квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органында) өзінің жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) және (немесе) жекжаттарымен бірге лауазымдарды атқаруға тыйым салынады (Заңның 14-бабының 3-тармағы).

8.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторингті Қызмет № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

9.1. № 36 ҚЕ-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оқыту және түсіндіру жұмысы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;

5) Заңның 11-бабында белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтау және ішкі қаржылық бақылау;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау;

7) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу;

8) персоналды және контрагенттерді іріктеу кезіндегі тиісті сақтық;

9) сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілері мәселелерін реттеу;

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау және өтініш берушілерді қорғау;

11) қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жою;

12) мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау және есептілік.

9.2. Осы Саясаттың 9.1-тармағында көзделген шараларды іске асыру Қызмет осы Саясатқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейтін және № 36 ҚЕ Байқау кеңесі бекітетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі жыл сайынғы ішкі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) негізінде жүзеге асырылады.

9.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру жауапкершілігін № 36 ҚЕ-нің басқару органдары, лауазымды адамдары және құрылымдық бөлімшелері арасында бөлу осы Саясатқа 4-қосымшада келтірілген.

9.4. № 36 ҚЕ Байқау кеңесі өз құзыреті шегінде:

1) осы Саясатты, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

2) № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесін, № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын, жыл сайынғы Іс-шаралар жоспарын және Қызметтің жылдық жұмыс жоспарын бекітеді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті дербес құрылымдық бөлімше ретінде құру туралы шешім қабылдайды, оның штат санын айқындайды, Қызмет басшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін, лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады және оның қызметін бағалайды;

4) Қызметтің есептерін тыңдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалайды;

5) № 36 ҚЕ Директорында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Қызметтің қызметіне кедергі келтірілген жағдайларда оның өтініштерін қарайды.

9.5. № 36 ҚЕ Директоры өз құзыреті шегінде:

1) № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды және Қызметтің қызметі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;

2) осы Саясатты бұйрықпен қолданысқа енгізеді және онымен барлық қызметкерлердің танысуын қамтамасыз етеді;

3) Қызметтің ұсынымдары мен қорытындыларының қаралуын және оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдануын қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64, 65 және 66-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде тәртіптік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдайды;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде материалдардың уәкілетті мемлекеттік органдарға берілуін қамтамасыз етеді;

6) бағынысты адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

7) Қызмет басшысының ұсынуы бойынша № 36 ҚЕ Байқау кеңесі айқындаған штат саны шегінде Қызметтің қызметкерлерін, оның басшысын

қоспағанда, жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады және олардың лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді.

9.6. № 36 ҚЕ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бөлімше қызметкерлерінің осы Саясаттың талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің назарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы ақпаратты жеткізеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға қатысады.

10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ

10.1. № 36 ҚЕ-де Заңның 16-бабының 3-тармағына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 150-3-бабына сәйкес негізгі міндеті № 36 ҚЕ-нің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын дербес құрылымдық бөлімше ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылады.

10.2. Қызмет өз өкілеттіктерін № 36 ҚЕ-нің атқарушы органынан, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінен тәуелсіз жүзеге асырады, № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

10.3. Қызметтің құзыреті, ұйымдастырылуы және жұмыс тәртібі № 36 ҚЕ Байқау кеңесі қолданыстағы редакциядағы Үлгілік ереже негізінде бекітетін № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесімен айқындалады.

10.4. Қызмет, атап айтқанда:

1) № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарын, оның ішінде осы Саясатты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және өзектендіруді қамтамасыз етеді;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің және осы Саясат талаптарының сақталуына мониторингті жүзеге асырады;

4) мүдделер қақтығысын анықтау, оның алдын алу және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

5) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

6) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер бойынша қызметтік тексерулер (қызметтік тергеп-тексерулер) жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды және түсіндіру жұмысын ұйымдастырады;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабардар ету арналарын құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

10.5. Қызметтің қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қол жеткізуді негізсіз шектеуге, сондай-ақ оның басшысы мен қызметкерлеріне өкілеттіктерін атқару кезінде ықпал етуге жол берілмейді және олар осы Саясатты бұзу болып табылады.

10.6. Қызмет басшысы туралы мәліметтер және байланыс деректері № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында және № 36 ҚЕ ғимараттарында жұртшылық көре алатын орындарда орналастырылады.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ

11.1. № 36 ҚЕ қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйін бағалау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүзеге асырады.

11.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті Қызмет тұрақты негізде жүргізеді және ол мыналарды қамтиды:

1) № 36 ҚЕ ішкі құжаттарының жобаларына және қолданыстағы ішкі құжаттарына оларда сыбайлас жемқорлықтың көрінуіне жағдай жасауға ықпал ететін нормалардың болуы тұрғысынан талдау жүргізу (сыбайлас жемқорлыққа бейімділікке талдау) және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) № 36 ҚЕ ішкі құжаттарын өзгерген талаптарға жедел сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге және сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг;

3) жеке және заңды тұлғалардың № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша өтініштерінің статистикасын зерделеу және қорыту;

4) № 36 ҚЕ-нің пациентті қолдау және ішкі сараптама қызметіне (бұдан әрі – пациентті қолдау қызметі) түсетін пациенттердің өтініштері мен шағымдарын сыбайлас жемқорлық көріністері белгілерінің болуы тұрғысынан талдау;

5) № 36 ҚЕ қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарындағы және әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға мониторинг;

6) сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мәселелері бойынша қызметкерлерге жүргізілген сауалнама мен пациенттерге жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау.

11.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіруге негіз болуы мүмкін.

11.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің қорытындыларын Қызмет жарты жылда кемінде бір рет қорытады және № 36 ҚЕ Директорына және Байқау кеңесіне ұсынады.

11.5. № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін кешенді және тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін қарайды және оларда қамтылған ұсынымдарды іске асырады.

12. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ

12.1. № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

12.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларында белгіленген тәртіппен жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі отыз жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды және қажет болған кезде № 36 ҚЕ Директорының бұйрығы негізінде он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган № 36 ҚЕ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі.

12.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) № 36 ҚЕ ішкі құжаттарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) № 36 ҚЕ-нің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі, оның ішінде персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, медициналық қызметтер көрсету, сатып алуды жүзеге асыру, бюджет қаражатын және өзге де көздерден түсетін қаражатты пайдалану, шарттық жұмыс, мүлікті басқару және ақпараттық жүйелерді әзірлеу мәселелеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

12.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді Қызмет үйлестіреді. Талдау жүргізу үшін № 36 ҚЕ Директорының бұйрығымен құрылымдық бөлімшелердің өкілдері енгізіле отырып жұмыс тобы құрылады. Талдауға қатысуға қоғамдық кеңестердің мүшелері және сыртқы сарапшылар тартылуы мүмкін.

12.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері бойынша:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің, бизнес-процестердің сыни нүктелерінің сипаттамасын, ықтимал сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасын, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдардың тізбесін және қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды қамтитын талдамалық анықтама;

2) мерзімдері мен жауапты адамдары көрсетілген, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады.

12.6. Талдамалық анықтамаға № 36 ҚЕ Директоры сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды. Іс-шаралар жоспарын № 36 ҚЕ Директоры талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді. Талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының дербес

деректер және заңмен қорғалатын құпия туралы заңнамасының талаптары ескеріле отырып, № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

12.7. Қызмет талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың жойылуына мониторингті жүзеге асырады. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат № 36 ҚЕ Директорына жарты жылда бір рет, 15 қаңтарға және 15 шілдеге дейін ұсынылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат алты айда кемінде бір рет № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

12.8. Анықталған кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданған.

12.9. № 36 ҚЕ қызметіне тән негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және оларды барынша азайту жөніндегі шаралардың тізбесі осы Саясатқа 3-қосымшада келтірілген. Көрсетілген тізбе түпкілікті болып табылмайды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері бойынша өзектендірілуге жатады.

12.10. № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады және оның нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

12.11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдаудың нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоймау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Мұндай себептер мен жағдайлардың жойылмағаны туралы ақпаратты Қызмет № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің және № 36 ҚЕ басқару органының назарына жеткізеді.

13. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТАР

13.1. № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты – № 36 ҚЕ қызметінің оқшауланған саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін әзірлейді және бекітеді.

13.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Қызмет жұртшылықтың қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістеме негізінде, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып әзірлейді және оны № 36 ҚЕ Байқау кеңесі бекітеді (Заңның 10-бабының 2-тармағы).

13.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері мыналар болып табылады:

1) № 36 ҚЕ-де жұмыс істейтін адамдарда тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары жағдайларда қызметкерлердің мінез-құлқының айқын қағидаларын белгілеу.

13.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде және құқық қолдану практикасында ескеріледі, № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістері ескеріле отырып өзектендірілуге жатады.

13.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтау № 36 ҚЕ-нің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

14. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

14.1. № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

14.2. № 36 ҚЕ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, № 36 ҚЕ-нің Корпоративтік әдеп кодексінің, № 36 ҚЕ-нің Әдеп және деонтология кодексінің, Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексінің, осы Саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттардың қағидаттары мен нормалары туралы хабардар ету және оларды түсіндіру жөнінде іс-шаралар жүзеге асырады.

14.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту:

1) жұмысқа қабылдау кезінде – № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатында көзделген кіріспе нұсқамаға қосымша Қызмет жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кіріспе нұсқама шеңберінде;

2) мерзімді түрде – барлық қызметкерлер үшін жылына кемінде бір рет;

3) қосымша – сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдарды атқаратын, оның ішінде сатып алуға, шарттық жұмысқа, кадрлық рәсімдерге және ынталандырушы төлемдерді бөлуге қатысатын қызметкерлер үшін;

4) жоспардан тыс – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы өзгерген кезде не қызметтік тергеп-тексерулердің және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың нәтижелері бойынша жүргізіледі.

14.4. Оқыту қорытындылары бойынша қызметкерлерге тестілеу жүргізіледі. Тестілеу нәтижелерін Қызмет тіркейді және олар оқытуды жоспарлау кезінде ескеріледі. Қызметкердің кәсіптік қызметін жыл сайынғы бағалау кезінде тестілеу нәтижелерін есепке алу тәртібі № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін онымен айқындалады.

14.5. Қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша міндетті оқудан өтуден жалтаруы еңбек міндеттерін бұзу болып табылады.

14.6. Қызмет өткізілген оқыту іс-шараларының және қызметкерлерді қамтудың есебін жүргізеді. Оқыту туралы мәліметтер Қызметтің № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне беретін есебіне енгізіледі.

14.7. № 36 ҚЕ қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу арқылы белсенді қатысуын құптайды.

14.8. Қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау арналары және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері туралы ақпарат № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында және № 36 ҚЕ-нің пациенттер үшін қолжетімді үй-жайларындағы ақпараттық стендтерде орналастырылады.

15. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

15.1. № 36 ҚЕ кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Кадрлық рәсімдер осы Саясаттың талаптары ескеріле отырып, № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

15.2. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында № 36 ҚЕ:

1) персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмысқа орналасуға тыйымдар мен шектеулердің, оның ішінде бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарға және бұрын мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқарған адамдарға қатысты тыйымдар мен шектеулердің болуын тексереді;

4) персонал қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді қызметтің негізгі көрсеткіштерінің нәтижелілігіне және кәсіби жетістіктерге сүйене отырып жүргізеді;

5) жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешімді қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне сүйене отырып қабылдайды;

6) қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

15.3. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды № 36 ҚЕ-ге жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

15.4. № 36 ҚЕ-дегі мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымға кандидат болып табылатын адамдар № 36 ҚЕ-де жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары туралы № 36 ҚЕ басшылығын жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті (Заңның 14-бабының 1-1-тармағы). Кандидаттардан Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабында көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

15.5. Мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымдарға қабылданатын адамдармен еңбек шартын жасасу туралы шешім қабылданғаннан кейін:

1) осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім (Заңның 12-бабының 3-тармағы);

2) осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Саясатты сақтау туралы міндеттеме;

3) № 36 ҚЕ-нің Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережесінде белгіленген нысан бойынша мүдделер қақтығысы туралы декларация ресімделеді.

15.6. № 36 ҚЕ-нің өзге қызметкерлері жұмысқа қабылдау кезінде осы Саясатпен қол қойып танысады және осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны сақтау туралы міндеттемеге қол қояды.

15.7. Кандидаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмысқа орналасуға тыйымдар мен шектеулерді сақтауын тексеруді Кадр ресурстарын дамыту бөлімі жүргізеді. Қызмет Кадр ресурстарын дамыту бөлімінің сұрау салуы бойынша қорытынды беру үшін қажетті көлемнен тыс дербес деректерге қол жеткізбей, мұндай тыйымдар мен шектеулердің болуы және мүдделер қақтығысының болмауы туралы қорытынды береді. Дербес деректерді өңдеу «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне байланысты емес мәліметтерді жинауға жол берілмейді.

15.8. Қызметкерлерге ынталандырушы және өзге де қосымша төлемдерді төлеу Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және оларды көтермелеу жүйесі туралы ережеде (№ 36 ҚЕ-нің 2024-2027 жылдарға арналған Ұжымдық шартына № 4 қосымша) белгіленген тәртіппен объективті, алдын ала белгіленген және қызметкерлердің назарына жеткізілген өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады. Қызметкердің өзіне немесе өзімен байланысты адамдарға қатысты төлемдердің мөлшері туралы шешім қабылдауға қатысуына жол берілмейді.

15.9. Осы Саясаттың талаптарын сақтау қызметкердің кәсіптік қызметін жыл сайынғы бағалау кезінде № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатында белгіленген тәртіппен және жоғарылату туралы шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі. Дәрігерлердің артықшылықтарын және қызметкерлердің құзыреттерін бекіту, қайта қарау, шектеу және жою тек № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатында көзделген негіздер бойынша ғана жүзеге асырылады және осы Саясатты бұзуға ден қою шарасы ретінде қолданылмайды.

15.10. Еңбек шарттары, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және еңбек шарттарының тоқтатылуы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатында белгіленген тәртіппен және мерзімде еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізіледі. Кадрлық процестерді цифрлық кадрлық жүйеде жүргізу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және көлемде жүзеге асырылады.

16. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ

16.1. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы аса маңызды тетіктердің бірі болып табылады. № 36 ҚЕ мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асуының алдын алуға және оларды реттеуге ерекше назар аударады.

16.2. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде № 36 ҚЕ-нің және пациенттердің мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері № 36 ҚЕ-нің мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті.

16.3. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдарға мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады. Аталған адамдар туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өздеріне белгілі болған бойда тікелей басшыны не № 36 ҚЕ басшылығын жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

16.4. Тікелей басшы не № 36 ҚЕ басшылығы аталған адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға:

1) адамды лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді атқаруды басқа адамға тапсыруға;

2) лауазымдық міндеттерді өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөнінде өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

16.5. Осы Саясаттың 16.4-тармағында көзделген шаралар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі сақтала отырып қолданылады. Қызметкерді жұмыстан шеттетуге тек Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана жол беріледі. Қызметкерді мүдделер қақтығысы бар мәселе бойынша жекелеген лауазымдық міндеттерді атқаруға жібермеу және оларды атқаруды басқа адамға тапсыру жұмыстан шеттету болып табылмайды. Лауазымдық міндеттерді өзгерту және қызметкерді ауыстыру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен, басқа жұмысқа ауыстыру – қызметкердің жазбаша келісімімен жүзеге асырылады.

16.6. Мүдделер қақтығысын анықтау, ашу, қарау және реттеу тәртібі, мүдделер қақтығысы туралы хабарлама мен декларацияның нысандары, сондай-

ақ қолданылатын реттеу шаралары № 36 ҚЕ-нің Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережесінде белгіленеді.

16.7. Туындаған немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді қабылдауға және бастапқы қарауға жауапты тұлға Қызмет болып табылады. Қарау нәтижелері бойынша Қызмет № 36 ҚЕ Директорына, ал осы Саясаттың 16.10-тармағында көзделген жағдайда № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне міндетті түрде қаралуға жататын мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ұсынымдарды ұсынады. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қызмет әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының бар не жоқ екені туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде шығарады.

16.8. Мүдделер қақтығысын реттеу шарасын таңдау кезінде мүдделер қақтығысын жою үшін жеткілікті, қызметкер үшін барынша аз ауыртпалық келтіретін шара қолданылады. Мүдделер қақтығысын реттеу шараларын белгілеу тәртіптік жаза болып табылмайды.

16.9. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді адал ниетпен ашуына байланысты қызметкерді қудалауға, оның еңбек жағдайларын нашарлатуға немесе оған өзге де қолайсыз шараларды қолдануға жол берілмейді.

16.10. Егер мүдделер қақтығысы № 36 ҚЕ Директорында туындаса, хабарлама № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне жіберіледі, ол оны реттеу жөніндегі шаралар туралы шешім қабылдайды.

16.11. Қызмет мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөнінде қабылданған шаралардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады және тиісті мәліметтерді № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне берілетін жыл сайынғы есепке енгізеді.

17. СЫЙЛЫҚТАР, ІСКЕРЛІК ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ӨКІЛДІК ШЫҒЫСТАР

17.1. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не олар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) жәрдемдесе алатын болса, оларды берген адамдардың немесе олар білдіретін адамдардың пайдасына жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер қабылдауға тыйым салынады.

17.2. Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексіне сәйкес № 36 ҚЕ-нің медицина және фармацевтика қызметкерлеріне жеке және заңды тұлғалардан өздерінің лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтар мен қызметтер алуға тыйым салынады.

17.3. № 36 ҚЕ қызметкерлеріне пациенттерден, олардың заңды өкілдерінен және алып жүрген адамдардан медициналық көмек көрсетуге байланысты ақша, мүлік, қызметтер немесе өзге де игіліктер талап етуге, қабылдауға немесе алуға тыйым салынады.

17.4. Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерін сыйлауға және алуға мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде ғана жол беріледі:

1) олар Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Саясатқа және № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарына қайшы келмейді;

2) олар сыйлаушының пайдасына нақты әрекеттерді жасаумен немесе жасамаумен байланысты емес;

3) олар сыйлаушыда немесе алушыда қарсы ұсыныс күтуін туғызбайды;

4) олар сатып алу рәсімдерін өткізу, өтінімдерді қарау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдау не контрагентпен дауды шешу кезеңінде жасалмайды;

5) олар ашық сипатта болады және № 36 ҚЕ-нің іскерлік беделіне нұқсан келтірмей ашылуы мүмкін;

6) олар символикасы бар кәдесыйлық немесе өкілдік өнімдер болып табылады не ресми іс-шараларды өткізу кезінде әдеттегі іскерлік қонақжайлылық сипатында болады.

17.5. Осы Саясаттың 17.4-тармағының талаптарын бұза отырып сыйлық немесе іскерлік қонақжайлылық белгісі ұсынылған қызметкер оны қабылдаудан бас тартуға және бұл туралы Қызметті хабардар етуге міндетті.

17.6. Егер іскерлік әдеп себептері бойынша сыйлықты қабылдаудан бас тарту мүмкін болмаса не сыйлық қызметкердің келісімінсіз алынса, қызметкер үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметті жазбаша хабардар етуге және сыйлықты тіркеу үшін беруге міндетті. Осы Саясаттың 17.1-тармағының талаптарын бұза отырып алынған сыйлықтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет кірісіне берілуге жатады. Сыйлықты журналда тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндеттерді алмастырмайды және жоймайды.

17.7. Қызмет осы Саясатқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерін тіркеу журналын жүргізеді. Журнал электрондық не қағаз нысанында жүргізіледі, қағаз журналдың парақтары тігіледі, нөмірленеді және № 36 ҚЕ-нің мөрімен куәландырылады. Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерінің есебін тек Қызмет қана жүргізеді; өзге құрылымдық бөлімшелердің қатар есеп жүргізуіне жол берілмейді.

17.8. Берілген сыйлықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Осы Саясаттың 8.1-тармағының 4) тармақшасын бұза отырып алынған ақша қаражаты Заңның 12-бабының 6-тармағында белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылады.

17.9. № 36 ҚЕ-нің өкілдік шығыстары бекітілген сметалар шегінде, растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады және № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ашылуға жатады.

18. САТЫП АЛУ ЖӘНЕ КОНТРАГЕНТТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

18.1. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды № 36 ҚЕ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына және денсаулық сақтау саласындағы заңнамаға сәйкес ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, адал бәсекелестік, сатып алу процесінің ашықтығы мен

айқындығы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

18.2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде бірыңғай дистрибьютор арқылы жүзеге асырылады. Осы бөлімнің талаптары мұндай сатып алуға көрсетілген тәртіпке қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

18.3. № 36 ҚЕ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының немесе осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын не № 36 ҚЕ үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін туғызатын үшінші тұлғаларды тартудан және әріптестермен бірлескен қызметке қатысудан тартынады.

18.4. Іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін контрагентті тартуға бастамашы болған құрылымдық бөлімшелер Қызметпен бірлесіп:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында және № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарында белгіленген рәсімдерді сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген әлеуетті өнім берушіні шеттету негіздерінің, оның ішінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуінің және әлеуетті өнім берушінің, оның басшысының, құрылтайшысының немесе ірі акционерінің сыбайлас жемқорлық қылмысының болуын тексеруге;

3) мүдделер қақтығысының, оның ішінде әлеуетті өнім берушінің сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын № 36 ҚЕ қызметкерлерімен, сондай-ақ олардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен үлестестігінің болмауын тексеруге;

4) әлеуетті өнім берушінің іскерлік беделін, салықтық және өзге де берешегінің болуын, қызметінің нақтылығын тексеруге;

5) контрагентте сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз саясаттары мен рәсімдерінің болуын не оның осы Саясаттың талаптарын сақтауға дайындығын тексеруге;

6) контрагентті осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етуге міндетті.

18.5. Контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді (тиісті сақтықты) Қызмет № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізеді. Тексеру нәтижелері шарт жасасу туралы шешім қабылдау кезінде ескерілетін қорытындымен ресімделеді.

18.6. № 36 ҚЕ жасасатын шарттарға, нысаны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген және өзгерістер енгізуге жол бермейтін шарттарды қоспағанда, осы Саясатқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе енгізіледі.

18.7. № 36 ҚЕ контрагент тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта

белгіленген тәртіппен шарттың орындалуын тоқтата тұру және оны бұзу құқығын өзіне қалдырады.

18.8. Сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдауға, сондай-ақ шарттық жұмысқа қатысатын № 36 ҚЕ қызметкерлеріне әлеуетті өнім берушілердің және өнім берушілердің өкілдерімен қабылданатын шешімдердің объективтілігіне әсер етуі мүмкін қызметтік емес қатынастарға түсуге тыйым салынады.

18.9. № 36 ҚЕ контрагенттер мен әріптестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды.

19. ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК. ДӘРІЛІК ЗАТТАР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ ӨНДІРУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

19.1. Демеушілік және қайырымдылық көмекті № 36 ҚЕ ашық түрде, № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің өз құзыреті шегіндегі шешімі негізінде, құжаттамалық ресімдей отырып және есепте көрсете отырып қабылдайды және бөледі.

19.2. Демеушілік және қайырымдылық көмекті:

1) № 36 ҚЕ-нің сатып алу рәсімдеріне қатысатын адамдардан – мұндай рәсімдерді өткізу кезеңінде;

2) қарсы ұсынысты не көмек көрсеткен адамның пайдасына әрекеттер жасауды көздейтін шарттармен;

3) № 36 ҚЕ-нің нақты қызметкерлерінің не олармен байланысты адамдардың пайдасына;

4) қаражат көзі расталмайтын жағдайларда қабылдауға жол берілмейді.

19.3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 271-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексіне сәйкес № 36 ҚЕ-нің медицина және фармацевтика қызметкерлеріне:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасына қатысуға;

2) сыйақы алуға жеке мүдделілік мақсатында пациенттерге дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды бөлшек саудада өткізудің нақты объектілерін, зертханалық, диагностикалық және өзге де ұйымдарды ұсынуға;

3) ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуды қоспағанда, өндірушілермен және дистрибьюторлармен бірлесіп дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды ілгерілетуді жүзеге асыруға;

4) өндірушілерден, дистрибьюторлардан және олардың өкілдерінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тағайындауға, жазып беруге немесе қолдануға байланысты ақша, мүлік, қызметтер немесе өзге де игіліктер алуға тыйым салынады.

19.4. № 36 ҚЕ қызметкерлерінің үшінші тұлғалар қаржыландыратын ғылыми, білім беру және кәсіптік іс-шараларға қатысуына Қызметті алдын ала жазбаша хабардар еткен жағдайда және мүдделер қақтығысы болмаған кезде жол беріледі.

19.5. № 36 ҚЕ саяси партиялардың пайдасына төлемдер жүзеге асырмайды және саяси қызметке қатыспайды. Қызметкерлердің саяси қызметке қатысуы

жұмыс уақытынан тыс, өз атынан және № 36 ҚЕ-нің мүлкін, символикасын және атауын пайдаланбай жүзеге асырылады.

20. ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МҮЛІКПЕН ЖҰМЫС

20.1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар Заңның 11-бабында белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтайды, оның ішінде декларацияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынады. Көрсетілген шаралардың сақталуына мониторингті Қызмет жүзеге асырады.

20.2. № 36 ҚЕ шаруашылық операциялардың бухгалтерлік есепте және есептілікте толық, дұрыс және уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етеді. Есепте көрсетілмеген операциялар жасауға, сондай-ақ дұрыс емес немесе жалған құжаттарды пайдалануға жол берілмейді.

20.3. Ақша қаражатын жұмсау бекітілген жоспарлар мен сметалар негізінде, бюджет қаражатын және өзге де көздерден түсетін қаражатты нысаналы пайдалану қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

20.4. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару, мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру, мүлікті есептен шығару жөніндегі мәмілелерді жасау Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында және № 36 ҚЕ Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

20.5. № 36 ҚЕ-нің ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және № 36 ҚЕ Байқау кеңесін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілері бар анықталған бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

20.6. Қызмет пен № 36 ҚЕ-нің ішкі аудит қызметі сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар анықталған кезде функцияларды ажырата отырып және өкілеттіктерді қайталамай өзара іс-қимыл жасайды.

20.7. № 36 ҚЕ-нің мүлкін, жабдығын, көлік құралдарын, шығыс материалдарын және ақпараттық ресурстарын жеке мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

21. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ПАЦИЕНТТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

21.1. Медициналық көмекті № 36 ҚЕ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген қандай да бір артықшылықтар бермей көрсетеді.

21.2. № 36 ҚЕ:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі;

2) ақылы медициналық қызметтердің тізбесі мен құны;

3) қабылдауға жазылудың, консультацияларға, диагностикалық зерттеулерге және емдеуге жатқызуға жолдаудың тәртібі мен мерзімдері;

4) халықты бекіту және бекітуден шығару тәртібі;

5) өтініштер мен шағымдарды беру және қарау тәртібі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

21.3. Медициналық көмек алуда жасанды кедергілер жасауға, мерзімдерді негізсіз созуға, сондай-ақ пациенттерді оларды тегін алу құқығы болған кезде ақылы қызметтер алуға көндіруге жол берілмейді.

21.4. Уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын, анықтамаларды, медициналық қорытындыларды және өзге де медициналық құжаттарды беру тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер болған кезде ғана жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттарды заңды негіздерсіз беру осы Саясатты өрескел бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

21.5. № 36 ҚЕ тұрақты жұмыс істейтін сенім телефонының, өтініштерге арналған жәшіктердің және кері байланыстың өзге де арналарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, олар туралы ақпарат № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында және пациенттер үшін қолжетімді үй-жайлардағы ақпараттық стендтерде орналастырылады.

21.6. Пациенттердің сыбайлас жемқорлық көріністері туралы мәліметтері бар өтініштері мен шағымдарын пациентті қолдау қызметі осы Саясаттың 22-бөлімінде белгіленген тәртіппен қарау үшін Қызметке дереу береді.

21.7. № 36 ҚЕ медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану мәселелері, оның ішінде сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мәселелері бойынша пациенттерге тұрақты сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде пайдаланылады.

22. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕРДІ ҚОРҒАУ

22.1. № 36 ҚЕ-де дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адам бұл туралы жоғары тұрған басшыны және (немесе) № 36 ҚЕ басшылығын және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

22.2. № 36 ҚЕ-де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаудың мынадай арналары жұмыс істейді:

1) № 36 ҚЕ-нің сенім телефоны, ол туралы ақпарат № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында және ақпараттық стендтерде орналастырылады;

2) Қызметтің электрондық мекенжайы;

3) № 36 ҚЕ Директорының атына не Қызметке, оның ішінде № 36 ҚЕ-нің пошталық мекенжайы бойынша жазбаша өтініш;

4) Қызмет басшысы және № 36 ҚЕ Директоры жүргізетін жеке қабылдау;

5) № 36 ҚЕ үй-жайларында орналастырылатын өтініштерге арналған арнайы жәшіктер;

6) тікелей уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну.

22.3. Хабарлама, оның ішінде жасырын түрде берілуі мүмкін. Жасырын хабарламалар оларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері туралы тексеруге мүмкіндік беретін нақты мәліметтер болған кезде қаралады.

22.4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіруге тап болған қызметкер бұл туралы өзіне белгілі болған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, ал жұмыс орнында болмаған кезде – бірінші мүмкіндік болған кезде осы Саясатқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қызметті хабардар етуге міндетті.

22.5. Хабарламалар мен хабарлар түскен күні міндетті түрде тіркелуге жатады. Хабарламаны қабылдаудан және тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

22.6. № 36 ҚЕ басшылығы мен Қызмет түскен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

22.7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де түрде жәрдем көрсетіп жүрген (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында болады.

22.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсетіп жүрген (көрсеткен) адамдарды қорғаудың мемлекет кепілдік берген шаралары мыналарды қамтиды:

1) уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарламаны қабылдаған күннен бастап немесе адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсеткен кезден бастап үш жыл бойы еңбек қатынастары саласындағы құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылуынан қорғау;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім болған кезде адамның жүгінуі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.

22.9. Қызметкер № 36 ҚЕ-дегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсету мақсатында № 36 ҚЕ басшылығына жүгінген кезде, № 36 ҚЕ басшылығы қызметкердің ниеті болған жағдайда онымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға міндетті. Мұндай келісімді жасасу тәртібі мен оның нысанын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды; өзге нысанды қолдануға жол берілмейді (Заңның 24-3-бабының 5-тармағы).

22.10. Тарапы № 36 ҚЕ-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жоғары тұрған басшыны және (немесе) № 36 ҚЕ басшылығын хабардар ету арқылы жәрдем көрсетіп жүрген (көрсеткен) қызметкер, оның ішінде бұрын № 36 ҚЕ-мен еңбек қатынастарында болған қызметкер болып табылатын жеке еңбек дауын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес құрылатын келісу комиссиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органның өкілін міндетті түрде шақыра отырып қарайды (Заңның 24-2-бабы).

22.11. Осы Саясаттың 22.10-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша материалдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға келісу комиссиясының отырысы өтетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күні

бұрын жіберіледі. Келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген органға жіберіледі.

22.12. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы адал ниетпен хабарлаған адамды мұндай хабарламаға байланысты қудалауға, оның еңбек жағдайларын нашарлатуға, оған тәртіптік жазалар қолдануға, басқа лауазымға ауыстыруға немесе жұмыстан босатуға жол берілмейді және бұл осы Саясатты өрескел бұзу болып табылады.

22.13. Осы Саясаттың 22.7-22.12-тармақтарының ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдарға қолданылмайды, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

22.14. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де түрде жәрдем көрсеткен адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді (Заңның 24-бабының 3-тармағы).

22.15. Медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын ақпарат хабарламаларды қарау кезінде өкілеттіктерді орындау үшін қажетті көлемде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 273-бабын, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын және Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексін сақтай отырып өңделеді.

22.16. Хабарламаларды беру және қарау, есепке алуды жүргізу және өтініш берушілердің құпиялылығын қамтамасыз ету тәртібі № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін ішкі құжатында белгіленеді.

23. ҚЫЗМЕТТІК ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУЛЕР

23.1. № 36 ҚЕ-дегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша ақылға қонымды мерзімде Қызметтің қатысуымен тексеру не қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

23.2. Қызметтік тергеп-тексеру № 36 ҚЕ Директорының бұйрығымен тағайындалады. № 36 ҚЕ Директоры тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы мәліметтер болған кезде Қызмет № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне және уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

23.3. Қызметтік тергеп-тексеру барысында Қызмет құжаттар мен материалдарды сұратуға, өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан адамнан, сондай-ақ басқа адамдардан жазбаша түсініктемелер алуға, құрылымдық бөлімшелердің ақпаратын тыңдауға құқылы.

23.4. Өзіне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан қызметкер түсініктемелер беруге, дәлелдемелер ұсынуға және қызметтік тергеп-тексеру нәтижелерімен өзіне қатысты бөлігінде танысуға құқылы.

23.5. Қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде жазбаша түсініктемелерді талап ету Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 65-бабына сәйкес тәртіптік жаза қолдану кезінде міндетті болып табылатын қызметкердің жазбаша түсініктемесін талап етуді алмастырмайды.

23.6. Қызметтік тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша анықталған мән-жайларды, тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтитын қорытынды жасалады. Қорытынды № 36 ҚЕ Директорына, ал № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесінде белгіленген жағдайларда № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне жіберіледі.

23.7. Қызмет қызметкерлерге тәртіптік жаза шараларын қолданбайды. Тәртіптік жаза қолдану туралы шешімді № 36 ҚЕ Директоры Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64, 65 және 66-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылдайды.

23.8. Егер қызметтік тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік қағидатына сүйене отырып, еңбек қатынастарын бұзуға, материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейінгі түзету шараларын қабылдау, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру тергеп-тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

23.9. Қызметтік тергеп-тексеру барысында қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде материалдар уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу жіберіледі.

23.10. Қызметтік тергеп-тексерулердің нәтижелері бойынша Қызмет сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдайды және ішкі рәсімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

23.11. Медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын ақпарат қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу кезінде өкілеттіктерді орындау үшін қажетті көлемде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 273-бабын, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын және Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексін сақтай отырып өңделеді.

24. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

24.1. № 36 ҚЕ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті органмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара түсіністік қағидаты негізінде:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы хабардар ету;

2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарды тергеп-тексеру жүргізу кезінде жәрдем көрсету;

3) № 36 ҚЕ қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы мәселелері бойынша тексерулер жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мен оған қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шараларды әзірлеу кезінде үйлестіру;

4) уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру және кеңестерге қатысу мақсатында өзара іс-қимыл жасайды.

24.2. Қызмет қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

24.3. № 36 ҚЕ қоғамдық бірлестіктер мен пациенттер қоғамдастығының өкілдерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың нәтижелерін талқылауға тарту арқылы жұртшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысуын қамтамасыз етеді.

24.4. № 36 ҚЕ қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпараттың ашықтығын оны № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

25. ЖАУАПТЫЛЫҚ

25.1. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

25.2. Осы Саясаттың талаптарын сақтамау еңбек міндеттерін бұзу болып табылады.

25.3. Осы Саясатты бұзғаны үшін қызметкерге Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабының 1-тармағында көзделген тәртіптік жазалар: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, сондай-ақ еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабымен тәртіптік жазаларға жатқызылған негіздері бойынша қолданылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделмеген тәртіптік жазаларды қолдануға жол берілмейді.

25.4. Тәртіптік жаза № 36 ҚЕ Директорының бұйрығымен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64, 65 және 66-баптарында белгіленген тәртіп пен мерзімдер сақтала отырып, оның ішінде қызметкердің жазбаша түсініктемесі міндетті түрде талап етіле отырып қолданылады. Әрбір тәртіптік теріс қылық үшін тек бір ғана тәртіптік жаза қолданылады. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу туралы мәселені № 36 ҚЕ-нің Кадрлар жөніндегі кеңесі № 36 ҚЕ-нің Кадрларды басқарудың корпоративтік саясатында және № 36 ҚЕ-нің Кадрлар жөніндегі кеңес туралы ережесінде белгіленген тәртіппен алдын ала қарайды; қызметтік тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша жасалған Қызметтің қорытындысы тергеп-тексеру материалдарымен бір мезгілде Кадрлар жөніндегі кеңеске жіберіледі.

25.5. Қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 21) тармақшасы бойынша – жұмысты одан әрі жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын, заңды күшіне енген сот актісі негізінде жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған № 36 ҚЕ қызметкерімен еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасы бойынша бұзылуға жатады.

25.6. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту оларды № 36 ҚЕ-ге келтірілген материалдық залалды өтеу міндетінен босатпайды. Залалды өтеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және шекте жүргізіледі.

25.7. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелер мен шарттарды сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде актілер қабылдау және әрекеттер жасау оларды жоюға (жарамсыз деп тануға) негіз болып табылады (Заңның 26-бабы).

25.8. Өз құзыреті шеңберінде осы Саясаттың талаптарын орындағаны үшін № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері жауапты болады.

25.9. № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Саясатты адал ниетпен ұстану жөніндегі өз міндеттемесін осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша растауға міндетті.

26. ТИІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

26.1. № 36 ҚЕ қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін тұрақты бағалауды жүзеге асырады.

26.2. Тиімділікті бағалауды Қызмет жылына кемінде бір рет мынадай көрсеткіштер бойынша жүргізеді:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының толық және уақтылы орындалуы;

2) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытумен қамтылуы және тестілеу нәтижелері;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар мен мүдделер қақтығысы туралы хабарламалардың саны және оларды қарау нәтижелері;

4) жүргізілген қызметтік тергеп-тексерулердің және олар бойынша қабылданған шаралардың саны;

5) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны және олардың ішінен жойылғандарының үлесі;

6) тексерілген контрагенттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы негіздер бойынша ынтымақтастықтан бас тартудың анықталған жағдайларының саны;

7) сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мәселелері бойынша қызметкерлер мен пациенттерге жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері;

8) № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тарту фактілерінің болуы.

26.3. Қызмет жылына кемінде бір рет № 36 ҚЕ Байқау кеңесіне қызметі туралы және қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігі туралы есеп ұсынады.

26.4. Есепті қарау қорытындылары бойынша № 36 ҚЕ Байқау кеңесі осы Саясатты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар

жоспарын және өзге де ішкі құжаттарды түзету қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

26.5. Тиімділікті бағалаудың қорытындыланған нәтижелері Қазақстан Республикасының дербес деректер және заңмен қорғалатын құпия туралы заңнамасының талаптары ескеріле отырып, № 36 ҚЕ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

27. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

27.1. Осы Саясаттың ережелері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының қолданысқа енгізілу мерзімдері ескеріле отырып қолданылады.

27.2. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 311-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының мыналарды белгілейтін нормалары қолданысқа енгізіледі:

1) жеке мүдде ұғымы және мүдделер қақтығысы ұғымының жаңа редакциясы, сондай-ақ қызметкермен байланысты адамдардың кеңейтілген шеңбері;

2) әлеуетті, нақты және орын алған мүдделер қақтығысын ажырату және көрсетілген жағдайлардың әрқайсысындағы іс-әрекеттер тәртібі;

3) жеке мүдделерді декларациялау міндеті;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қосымша шектеулер, оның ішінде атқаратын немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүддеде пайдалануға тыйым салу және үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуге тыйым салу;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мүдделер қақтығысының бар не жоқ екені туралы қорытындылар шығару және оны реттеу жөніндегі шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу жөніндегі өкілеттіктері;

6) мүдделер қақтығысы жағдайында қабылданған және жасалған актілерді, шарттар мен мәмілелерді жою (жарамсыз деп тану) негіздері.

27.3. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке мүдделер туралы декларацияны, мүдделер қақтығысы туралы хабарламаны ұсынудың және Қызметтің қорытынды шығаруының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдері қолданылады. Көрсетілген күннен бастап осы Саясаттың және № 36 ҚЕ-нің Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережесінің өзге мерзімдерді белгілейтін тармақтары қолданылмайды.

27.4. Қызмет 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін осы Саясатты, № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесін және № 36 ҚЕ-нің Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережесін 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін нормаларға сәйкестендіру мақсатында оларға өзгерістер мен толықтыруларды әзірлейді және № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің бекітуіне енгізеді.

27.5. Қызмет 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін № 36 ҚЕ-нің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа

енгізілетін нормаларды қолдану мәселелері бойынша оқытуды қамтамасыз етеді.

27.6. Осы Саясат қолданысқа енгізілгенге дейін ресімделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімдер және осы Саясатты сақтау туралы міндеттемелер ол қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде осы Саясатқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қайта ресімделуге жатады.

27.7. Осы Саясаттың 27.4-тармағында көзделген өзгерістер енгізілгенге дейін осы Саясаттың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

28. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

28.1. Осы Саясат «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабы 1-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес № 36 ҚЕ Байқау кеңесінің шешімімен бекітіледі және № 36 ҚЕ Директорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

28.2. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар осындай тәртіппен енгізіледі.

28.3. Осы Саясат үш жылда кемінде бір рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі және сыртқы талдаудың нәтижелері бойынша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалаудың қорытындылары бойынша қайта қаралады.

28.4. Осы Саясатты өзектендіруге Қызмет жауапты болып табылады.

28.5. 1-8-қосымшалар осы Саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

28.6. Осы Саясат қолданысқа енгізілген күннен бастап Байқау кеңесінің 2023 жылғы 21 тамыздағы шешімімен (№ 3 хаттама) бекітілген Алматы қаласы ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қолданылмайды.

28.7. Осы құжат Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісіммен және № 36 ҚЕ-нің Ұжымдық шартымен салыстырғанда Қызметкердің жағдайын нашарлата алмайды. № 36 ҚЕ-нің ішкі құжаттары арасында алшақтық болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ұжымдық шарттың нормалары, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша № 36 ҚЕ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қолданылады.

28.8. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

1-қосымша
Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы
КЕЛІСІМ

Мен,

_____,
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
_____ лауазымын атқаратын
(лауазымның, құрылымдық бөлімшенің атауы)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 36 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – № 36 ҚЕ) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіме қабылдаймын:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстардың, жұбайлардың және жекжаттардың бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу, оның ішінде менің жақын туысым, жұбайым (зайыбым) және (немесе) жекжатым атқаратын лауазымға тікелей бағынысты лауазымды атқаруға жол бермеу, сондай-ақ аталған адамдардың менің тікелей бағынысымда болуына жол бермеу;

3) ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында пайдалану;

4) егер мұндай әрекеттер менің қызметтік өкілеттіктеріме кірсе не мен лауазымдық жағдайыма байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) жәрдемдесе алатын болсам, оларды берген адамдардың немесе олар білдіретін адамдардың пайдасына жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызметтер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және оларды иелену, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтау;

6) ойын бизнесі мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты осы үшін бөлінбеген орындарда құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу.

Маған мыналардың түсіндірілгенін және түсінікті екенін растаймын:

1) көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауым лауазымға қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан босатуға (атқаратын лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) әкеп соғады;

2) көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатуға (атқаратын лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) негіз болып табылады;

3) менің отбасы мүшелерім менің оларды берген адамдардың немесе олар білдіретін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттерім (әрекетсіздігім) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді немесе қызметтерді алуға құқылы емес;

4) менің шотыма және (немесе) менің отбасы мүшелерімнің шоттарына біздің келісімімізсіз түскен ақша, сондай-ақ көрсетілген шектеулерді бұза отырып алынған қаражат табылғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кірістер органына түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Мен қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзуға әкеп соғатын мән-жайлардың туындағаны туралы № 36 ҚЕ-ні дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенемін.

20____ жылғы «____» _____ _____

(қолы)

Келісім қабылданды және тіркелді:
№ 36 ҚЕ-нің Кадр ресурстарын дамыту бөлімі

_____
(лауазымы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері, қолы)

20____ жылғы «____» _____

* *Толтырылған және қол қойылған келісім қызметкердің жеке ісінде сақталады.*

2-қосымша

Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау туралы
МІНДЕТТЕМЕ

Мен,

_____,

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ *(лауазымның, құрылымдық бөлімшенің атауы)* лауазымын атқара отырып, мыналарды растаймын және міндеттенемін:

1) мен Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 36 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен (бұдан әрі – Саясат) таныстым, оның мазмұны маған түсіндірілді және түсінікті;

2) мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Саясаттың және № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттарының талаптарын адал ниетпен және мүлтіксіз сақтауға міндеттенемін;

3) мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және оларды жасауға қатысудан, сондай-ақ айналадағылар № 36 ҚЕ-нің мүддесінде немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оны жасауға қатысуға дайындық ретінде түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан тартынуға міндеттенемін;

4) мен туындаған не ықтимал мүдделер қақтығысы туралы, сондай-ақ маған белгілі болған, дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактілері туралы тікелей басшыға және (немесе) № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне дереу хабарлауға міндеттенемін;

5) мен № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін мені сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру жағдайлары туралы хабардар етуге міндеттенемін;

6) мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өтуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу кезінде № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жәрдемдесуге міндеттенемін;

7) мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және Саясатты бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа, оның ішінде еңбек шартын бұзуға дейін тәртіптік жауаптылыққа тартылуым мүмкін екені туралы хабардармын.

20____ жылғы «____» _____ _____

(қолы)

** Толтырылған және қол қойылған міндеттеме қызметкердің жеке ісінде сақталады.*

3-қосымша

Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ КАРТАСЫ

№	Бизнес-процесс	Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Барынша азайту шаралары
1	Қабылдауға жазылу, консультацияларға және зерттеулерге жолдау	Кезектен тыс қабылдау, жазылуды жеделдету, бейресми сыйақы үшін зерттеулерге жолдау; кезекті жасанды түрде құру	Электрондық жазылу; күту мерзімдерін жариялау; кезектілік тәртібінен ауытқуларды бақылау; пациенттердің өтініштерін талдау; қабылдау аймақтарында бейнебақылау
2	Уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын, анықтамаларды және медициналық қорытындыларды беру	Құжаттарды заңды негіздерсіз, сыйақы үшін не байланысты адамдардың мүддесінде беру	Дәрігерлік комиссия; берудің негізділігін іріктеп бақылау; берілген құжаттарды ақпараттық жүйеде есепке алу; ішкі сараптама
3	Ақылы медициналық қызметтер көрсету	Пациенттерді тегін алу құқығы болған кезде ақылы қызметтер алуға көндіру; төлемді кассадан тыс қабылдау	Қызметтердің тізбесі мен құнын жариялау; төлемді тек касса арқылы және қолма-қол ақшасыз тәсілмен қабылдау; көлемдерді салыстыру; пациенттерге сауалнама жүргізу
4	Халықты бекіту және бекітуден шығару	Негізсіз бас тарту не сыйақы үшін артықшылықтар беру	Белгіленген тәртіпті сақтау; өтініштерді есепке алу; мерзімдерді бақылау; шағымдарды қарау

№	Бизнес-процесс	Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Барынша азайту шаралары
5	Мемлекеттік сатып алу	Техникалық ерекшелікті нақты өнім берушіге бейімдеп қалыптастыру; мүдделер қақтығысы және үлестестік; сатып алуды бөлшектеу; сатып алу тәсілін негізсіз таңдау	Ерекшеліктерді алқалы түрде қалыптастыру; комиссия мүшелерінің мүдделер қақтығысын декларациялауы; контрагенттердің сенімділігін тексеру; шарттардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе; Қызметтің іріктеп бақылауы
6	Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдау	Жеткізілмеген не сапасыз тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдау; көлемдерді асыра көрсету	Комиссиялық қабылдау; тапсырыс беру, қабылдау және төлеу функцияларын бөлу; фотобекіту; кенеттен түгендеу жүргізу
7	Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды басқару	Ұрлау және мақсатқа сай пайдаланбау; негізсіз есептен шығару; препараттарды жеке мүддеде ілгерілету	Заттай-сандық есепке алу; сақтау орындарына қол жеткізуді шектеу; тұрақты түгендеу; жарнамаға және ілгерілетуге қатысуға тыйым салу
8	Персоналды басқару	Сыйақы үшін жұмысқа қабылдау және жоғарылату; жақын туыстарды бағыныстағы лауазымға жұмысқа орналастыру; қызметті біржақты бағалау	Іріктеудің ашық рәсімдері; шектеулер мен мүдделер қақтығысын тексеру; туыстар туралы хабарлау; Кадрлар жөніндегі кеңес шешімдерінің алқалылығы
9	Еңбекақы төлеу және ынталандырушы төлемдер	Ынталандырушы төлемдерді біржақты бөлу; байланысты адамдарға төлемдер	Алдын ала белгіленген өлшемшарттар; алқалы түрде бөлу; жеке мүдделілік болған кезде өздігінен бас тарту; жиынтық деректерді ашу

№	Бизнес-процесс	Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Барынша азайту шаралары
10	Мүлікті басқару және мүліктік жалдау	Мүлікті нарықтық емес шарттарда жалға беру; мүлікті жеке мақсатта пайдалану; негізсіз есептен шығару	Бағалау; конкурстық рәсімдер; пайдалануды есепке алу және бақылау; комиссиялық есептен шығару; ішкі аудит
11	Демеушілік және қайырымдылық көмек	Көмекті қарсы ұсыныс шарттарымен қабылдау; ашық емес бөлу	Байқау кеңесінің шешімі; құжаттамалық ресімдеу; сатып алуға қатысушылардан қабылдауға тыйым салу; ақпаратты ашу
12	Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндірушілермен өзара іс-қимыл	Препараттарды тағайындағаны үшін сыйақы алу; пациенттерді жеке мүддеде дәріхана ұйымдарына жолдау	Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексінде белгіленген тыйымдар; іс-шаралар туралы хабарлау; тағайындаулар құрылымын талдау
13	Пациенттердің өтініштері мен шағымдарын қарау	Сыбайлас жемқорлық туралы мәліметтері бар өтініштерді жасыру; формальды түрде қарау	Орталықтандырылған тіркеу; Қызметке беру; мерзімдерді бақылау; қарау нәтижелерін іріктеп тексеру
14	Медициналық құжаттаманы және ақпараттық жүйелерді жүргізу	Дұрыс емес мәліметтерді енгізу; деректерге рұқсатсыз қол жеткізу; деректерді жеке мақсатта пайдалану	Қол жеткізу құқықтарын ажырату; әрекеттерді журналға тіркеу; жазбаларды іріктеп аудиттеу; деректер режимін бұзғаны үшін жауаптылық

Осы карта түпкілікті болып табылмайды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері бойынша өзектендірілуге жатады.

4-қосымша
Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру жауапкершілігін бөлу
МАТРИЦАСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарасы	Жауапты	Кезеңділігі және нәтиженің нысаны
Саясатты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және Іс-шаралар жоспарын бекіту	№ 36 ҚЕ Байқау кеңесі	Қажетіне қарай; шешім (хаттама)
Саясатты қолданысқа енгізу және оның орындалуын ұйымдастыру	№ 36 ҚЕ Директоры	Қажетіне қарай; бұйрық
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі құжаттарды әзірлеу және өзектендіру	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Үш жылда кемінде бір рет және заңнама өзгерген кезде; құжаттардың жобалары
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Тұрақты; жарты жылда кемінде бір рет қорыту
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет, жұмыс тобы	Жылына кемінде бір рет; талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Тұрақты; жыл қорытындысы бойынша анықтама
Мүдделер қақтығысы туралы хабарламаларды қабылдау және қарау	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Түсуіне қарай; қорытынды

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарасы	Жауапты	Кезеңділігі және нәтиженің нысаны
Келісімдер мен міндеттемелерді ресімдеу, жұмысқа қабылдау кезінде шектеулерді тексеру	Кадр ресурстарын дамыту бөлімі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Жұмысқа қабылдау және ауыстыру кезінде; жеке істегі құжаттар
Контрагенттердің сенімділігін тексеру	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет, бастамашы бөлімше	Шарт жасасқанға дейін; қорытынды
Сатып алу рәсімдерін сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу	Сатып алуға жауапты бөлімше, заң қызметі	Әрбір сатып алу кезінде; құжаттама және шарттар
Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерін есепке алу	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Түсуіне қарай; журнал
Оқыту және түсіндіру жұмысы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет, Кадр ресурстарын дамыту бөлімі	Жылына кемінде бір рет; бағдарлама, ведомостар, тестілеу нәтижелері
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау арналарының жұмыс істеуі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Тұрақты; тіркеу журналы
Сыбайлас жемқорлық белгілері бар пациенттердің өтініштерін беру	Пациентті қолдау және ішкі сараптама қызметі	Дереу; Қызметке беру
Қызметтік тергеп-тексерулер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Хабарламалардың түсуіне қарай; қорытынды
Тәртіптік жазаларды қолдану	№ 36 ҚЕ Директоры	Еңбек кодексінде белгіленген мерзімде; бұйрық

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарасы	Жауапты	Кезеңділігі және нәтиженің нысаны
Қаржылық бақылау және ішкі бақылау жүйесін бағалау	Ішкі аудит қызметі, бухгалтерия	Жоспарға сәйкес; есеп
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға есептілік	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Тоқсан сайын; ақпарат
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігі туралы есеп	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	Жылына кемінде бір рет; Байқау кеңесіне есеп
Күнделікті қызметте Саясатты сақтау	Құрылымдық бөлімшелердің басшылары, қызметкерлер	Тұрақты

5-қосымша

Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерін тіркеу
ЖУРНАЛЫ

Басталды: 20____ жылғы «____» _____
Аяқталды: 20____ жылғы «____» _____

№	Тіркелген күні	Қызметкердің тегі, аты-жөнінің бас әріптері және лауазымы	Сыйлаушы (атауы, өкілі)	Алу сипаттамасы мен мән-жайлары	Бағалау құны	Қабылданған шешім

Журналды № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жүргізеді. Журналды электрондық нысанда жүргізуге жол беріледі. Қағаз журналдың парақтары тігіледі, нөмірленеді және № 36 ҚЕ-нің мөрімен куәландырылады.

6-қосымша
Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру туралы
ХАБАРЛАМА

Алматы қ. ҚДСБ
«№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің басшысына

кімнен:
_____,
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, құрылымдық бөлімшесі)

Мені сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру фактісі туралы хабарлаймын.

Маған жүгінудің жасалған күні, уақыты және орны:
_____
_
_____
_

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам (адамдар) туралы мәліметтер:
_____
_
_____
_

Ұсыныстың мәні, көндірудің мән-жайлары мен тәсілі:
_____
_
_____
_
_____
_

Көрсетілген мән-жайлар туралы ақпараты бар адамдар туралы мәліметтер:
_____
_

Мен қабылдаған шаралар:

_____
_

Қоса берілетін материалдар:

_____
_

Баяндалған мәліметтердің дұрыстығын растаймын. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлағаным үшін жауаптылық туралы ескертілдім.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға ниеттімін: иә / жоқ (қажетінің астын сызу керек).

20____ жылғы «____» _____ _____

(қолы)

20____ жылғы «____» _____ № _____ тіркеу нөмірі

7-қосымша
Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

Шарттарға енгізуге арналған
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

1. Осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері мен делдалдары қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу мақсатында кез келген адамдардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін оларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

2. Осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері мен делдалдары Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру немесе алу, парақорлыққа делдал болу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір тәсілмен, оның ішінде ақша сомаларын, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын әрі осы қызметкердің өзін ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттер орындауын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

4. Тараптар осы шартты жасасуға және орындауға қатысатын өз қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысының жоқ екенін растайды және мұндай мүдделер қақтығысының туындағаны туралы өздеріне бұл белгілі болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

5. Тарапта осы ескертпенің ережелері бұзылды немесе бұзылуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламада Тарап бұзушылық орын алғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

6. Хабарламаны алған Тарап оны қарауға және хабарлама алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап жіберуге міндетті. Тараптар хабарламада және оған берілген жауапта қамтылған мәліметтердің құпиялылығына, сондай-ақ хабарлаған Тарап үшін тұтастай алғанда да, бұзушылық туралы хабарлаған нақты қызметкерлер үшін де жағымсыз салдардың болмауына кепілдік береді.

7. Бір Тарап осы ескертпенің ережелерін бұзу фактісі расталған жағдайда, басқа Тарап бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға құқылы. Шарт өзінің

бастамасы бойынша бұзылған Тарап осындай бұзудың нәтижесінде туындаған нақты залалды өтеуді талап етуге құқылы.

8. Тараптар бір-бірінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттарымен танысқанын растайды және осы шартты орындау кезінде олардың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндеттенеді.

8-қосымша

Алматы қ. ҚДСБ «№ 36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына

20____ жылға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының
НЫСАНЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	Талдамалық анықтама, іс-шаралар жоспары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзектендіру	Құжаттардың жобалары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	
3	Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту және тестілеу	Бағдарлама, ведомостар, тестілеу нәтижелері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет, Кадр ресурстарын дамыту бөлімі	
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг	Анықтама	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	
5	Контрагенттердің сенімділігін тексеру	Қорытындылар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
6	Сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мәселелері бойынша қызметкерлерге сауалнама жүргізу және пациенттерге сауалнама жүргізу	Талдамалық анықтама	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	
7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыру	Жариялау	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	
8	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігі туралы есеп	Байқау кеңесіне есеп	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет	

Іс-шаралар жоспарын № 36 ҚЕ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі әзірлейді және оны № 36 ҚЕ Байқау кеңесі жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей бекітеді.